

3

Жүректен шыққан туынды
ғана жүрекке жетеді

4

Жерлесіміздің
тарихи жетістігі

Сыр бойы

№187 (21063) 9 желтоқсан, сейсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ



АЛДАҒЫ МІНДЕТ АУҚЫМЫ

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының төрағасы Бақытжан Сағынтаевты қабылдады.

Кездесуде Еуразиялық экономикалық одақтың қазіргі жай-күйі мен одан әрі даму перспективасы талқыланды.

Әңгімелесу кезінде Қазақстан Республикасының 2026 жылы Еуразиялық экономикалық одаққа төрағалығы аясында атқаратын

жұмыстарының басымдықтарына ерекше назар аударылды. Сондай-ақ Президентке биыл 21 желтоқсанда Санкт-Петербург қаласында өтетін Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес отырысына дайындық барысы туралы ақпарат берілді.

/// САПАР

ӨНДІРІС – ӨРКЕНДІ ӨЗГЕРІС



Жаңакорғанда өндіріс өркендеп келеді. Оның бір айғағы – облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов және облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешевтің қатысуымен асфальт зауытының ашылуы. Осы салтанатты рәсімде облыс әкімінің орынбасары өнеркәсіп саласында атқарылған жұмыстарға тоқталды.

2-бет

БАСПАСӨЗ – 2026

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

2026 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы жекелер үшін: 6 айға – 5000 теңге

КҮН КҮРТ СУЫТАДЫ

Қазгидромет 9, 10, 11 желтоқсанға арналған ауа райы болжамын жариялады. Келтірген дерек бойынша 9 желтоқсанда солтүстік-батыс және солтүстік өңірлерге солтүстік антициклон келеді.

Осылайша алдымен еліміздің солтүстік бөлігінде, кейін бүкіл Қазақстан аумағында жауын-шашын тоқтап, күн күрт суытады.

Түнгі уақытта термометр бағаны солтүстік өңірлерде 22-30 градус, шығыста 27-35 градуска дейін төмендеп, оңтүстік және оңтүстік-шығыста 10-20 градус аяз болады.

/// МЕРЕЙ

МАРАПАТ – МАҢДАЙ ТЕРДІҢ ЖЕМІСІ

Астанада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен «Алтын сапа» және «Парыз» сыйлығының лауреаттарын, «Қазақстанның үздік тауары» республикалық көрме-конкурсының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті.

Президент өз сөзінде әр кәсіпкердің жетістігі ел мерейінің айқын көрінісі екенін атап айтты. – Сіздер сапалы өнім өндіріп, экономиканы дамытуға және халықтың әл-ауқатын арттыруға зор үлес қосып келесіздер. Әлеуметтік жауапкершілікті терең сезініп, қайырымдылық істерге белсене атсалысып жүрсіздер. Бұл – өз кәсібіне адал, іскер және нағыз отаншыл азаматтарға тән асыл қасиет деп санаймын. Мемлекет Сіздерге әрдайым қолдау көрсетуге дайын, – деді Мемлекет басшысы.

Рәсімде сапа саласында жоғары көрсеткішке ие болғаны үшін «Марал-Нұр» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрылтайшысы Мұрат Нұрсайтовқа «Алтын сапа» сыйлығы табысталды. Сонымен бірге, «Қазақстанның үздік отандық тауар өндірушісі» номинациясы «Асыл дән LTD» ЖШС басшысы Нұрлан Алдамжаровқа берілсе, «СКЗ-У» ЖШС бас директоры Сағынш Орынбасаров «Парыз-2025» сыйлығының «Экологияға қосқан үлесі үшін» номинациясымен марапатталды.

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов,

жауапты сала басшылары мен жергілікті кәсіпкерлер салтанатты шараға селекторлық режимде қатысты.

Айта кетейік, 2005 жылы құрылған «Марал-Нұр» серіктестігі әлеуметтік маңызды бағыттарға жолаушылар тасымалы қызметін көрсетеді, 226 адамды тұрақты жұмыспен қамтыған. Паркінде 59 вагон бар, 5 облысты қамтитын екі бағытта жыл сайын 800 мыңнан астам жолаушы тасымалдайды.

«Асыл дән LTD» ЖШС – 2013 жылы құрылған Қазақстандағы жетекші күріш өңдеу кәсіпорындарының бірі. Бүгінде компанияда 63 білікті маман еңбек етеді. «Лидер», «Янтарь», «Элита», «Баракат» сортты жылытыратын күріш, сондай-ақ терең өңделген өнімдер, күріш ұнтағы, қауыз және тары өндіреді. Сапаны қатаң бақылау мен өндіріс процестерін үздіксіз жетілдірудің арқасында компания өнімдері Қазақстан аумағында және шетелдерде тұрақты сұранысқа ие.

Жаңакорған ауданында орналасқан «СКЗ-У» ЖШС – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ еншілес кәсіпорны, республикадағы инновациялық серпінді өндірістердің бірі. 2007 жылы Индустриаландыру бағдарламасы аясында іске қосылған кәсіпорын жылына 500 мың тонна қуаттылықпен кү-



ликадағы инновациялық серпінді өндірістердің бірі. 2007 жылы Индустриаландыру бағдарламасы аясында іске қосылған кәсіпорын жылына 500 мың тонна қуаттылықпен кү-

кірт қышқылдан өндіреді. Бүгінге дейін кәсіпорын 6,5 млн тоннадан астам өнім шығарды. Зауытта 273 адам еңбек етеді, олардың 90%-дан астамы – жергілікті тұрғындар.

Кеше өңірлік коммуникациялар қызметінде жеңімпаз атанған жергілікті компания басшылары БАҚ өкілдерімен кездесті. Кездесуде Қызылорда облысы кәсіпкерлер палатасының директоры Пірмұхаммед Сыздық аталған сыйлық пен конкурс жеңімпаздары қалай анықталатыны жөнінде пікір бөлісті. Ал «Асыл дән LTD» ЖШС басшысы Нұрлан Алдамжаров пен «Марал-Нұр» ЖШС құрылтайшысы Мұрат Нұрсанов қол жеткен жетістіктері мен алдағы мақсат-міндеттері туралы ой бөлісті.

«СБ» ақпарат

/// ДЕНСАУЛЫҚ



ОБЛЫС МЕДИЦИНАСЫ ОҢ ДИНАМИКАҒА ИЕ

Осы жылдың он айында аймақтың негізгі медициналық-демографиялық көрсеткішінен оң динамиканы байқауға болады. өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Олжас Ысқақов кешенді жұмыстар нәтижесінде нысаналы индикаторлар орындалғанын жеткізді.

Айтуынша, халықтың орташа өмір сүру ұзақтығы 74,2 жастан 75,15-ке ұлғайды. Есепті кезеңде 13 643 нәресте дүниеге келді. Ана мен сәби өлімінің алдын алу бағытында біршама жұмыс атқарылып келеді.

– Көпбейінді облыстық аурухана деңгейінде 70 төсекке арналған босану бөлімшесі ашылды. Бұл қауіп тобындағы экстрагенитальды ауруы бар жүкті әйелдердің профилді мамандардан кеңес алуына мүмкіндік береді. Кейінгі 3 жылда жергілікті бюджет қаражаты есебінен мамандардың біліктілігін арттыруға 375 млн теңге, оның 192 млн-ы шетелде оқытуға бөлінді. Ана мен бала денсаулығын сақтау саласының материалдық-техникалық базамен жабдықтау көрсеткіші – 90,5%. Кейінгі 3 жыл көлемінде осы салаға 3 млрд 200 млн теңгеге құрал-жабдықтар сатып алынды. Жыл соңына дейін тағы 1 млрд 500 млн теңге есебінен құрал-жабдықтар, оның ішінде көпбейінді облыстық балалар ауруханасына магнитті-резонансты томограф алынады, – деді Олжас Ысқақов.

Дерттің алдын алудағы негізгі қадам – вакцинация. Дегенмен, халықтың белгілі бір бөлігінің бірқатар инфекцияға қарсы екпе шараларымен тиісті деңгейде қамтылмауынан жұқпалы аурулар өрши түскен. Ұлттық күнтізбеге сәйкес бала 1 және 6 жасында қызылшаға қарсы 2 тур вакцина алуы қажет. Алайда ата-аналардың екеден бас тартуы себепті 2023 жылдан бері қызылша ауруы толассыз тіркеліп отыр. Ауру негізінен 5 жасқа толмаған балалар арасында, 77,2%-ында дәл осы екпе алмағандар арасында тіркелетіні анықталды. Басқарма басшысы брифингте ата-аналарға үнде жасады.

2-бет

/// САРАП

АҚЫЛЫ ЖОЛ: ҚАРЖЫ ҚАЙДА ЖҰМСАЛАДЫ?

Қазір елде ұзындығы 3900 шақырым болатын 20 бағыттағы ақылы жол учаскесі белгіленген. Мұнда жолдың әр учаскесі бойынша түрлі тариф бар. Сонымен, арғысына бармай-ақ, өткен жылдың есебіне үңілесек. Былтыр бюджетке 48 млрд теңге шамасында қаржы түсірген ақылы жолдың ақшасын жауаптылар қалай жаратып отыр? Жол сапасын арттыруды көздейміз деген министрлік биыл тағы қанша ақылы жолды іске қосты?

Алдымен шегініс жасайық. Бізде ең алғаш ақылы жолға кірген автожол – «Астана-Шүчінск» бағыты. Ол 2013 жылдан басталды. Арада 6 жылдан кейін, 2019 жылдың басында «Астана-Теміртау», «Алматы-Қорғас», «Алматы-Қонаев» жолдарына ақы төлене бастады. 2021 жылдың қарашасынан бастап ақылы негізде «Астана-Павлодар», «Тараз-Қайнар», «Шымкент-Қызылорда», «Шымкент-Тараз», «Шымкент-Өзбекстан» шекарасы, «Қонаев-Талдықорған», сондай-ақ «Шүчінск-Көкшетау» бағытындағы жолдар іске қосылды. Ал 2023 жылдың соңына қарай «Павлодар-Қалбатау», «Бейнеу-Ақжігіт», «Орал-Самар», «Павлодар-Омск», «Көкшетау-Петропавл», «Орал-Саратов» автожолдарының тағы 6 учаскесі ақылы болды.

3-бет



Коллаж К.Оразбаев

Валюта бағамы: \$ 504,49 kzt € 587,73 kzt ₸ 6,57 kzt

Ауа райы: Сейсенбі ☀️ 0°

☁️ -3°

Сәрсенбі ☀️ -4°

☁️ -9°

ӨНДІРІС – ӨРКЕНДІ ӨЗГЕРІС

– Өңіріміз құрылысқа қажетті негізгі материалдармен қамтамасыз етілген. Цемент, шыны, қиыршық тас, асфальт бетон, металл өңдеу, құрғақ құрылыс қоспалары мен темірбетон бұйымдары өндірісі жолға қойылған. Бір сөзбен айтқанда, Қызылорда құрылыс кластері алаңына айналып келеді.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Жергілікті өнім өндірушілердің құрылыс материалдарының әлеуетін барынша пайдалану маңызды. Мемлекет отандық өнім өндірушілерді қолдайды» деген болатын.

«Шалқия тас» серіктестігі асфальт зауыты жобасын былтыр бастап, қазір алғашқы өнімін шығаруда. Баршаңызды облысымыз үшін индустриялық, әлеуметтік, экологиялық тұрғыда тиімді жоба – асфальт зауытының ашылуымен шын жүректен құттықтаймын! Зауыт облысымыздың, оның ішінде Жаңақорған ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсерін тигізетіні сөзсіз. Оған атсалысқан жеке инвестор «Шалқия тас» серіктестігіне алғыс білдіреміз. Зауыт жұмысы табысты, өндірісі берекелі болсын! – деді облыс әкімінің орынбасары.

Рәсімде аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан азаматтар және мердігер мекеме қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Жаңақорған ауданының құрметті азаматы Бақыт Нұртазаев құттықтау сөз сөйледі.

Айтакетейік, «Шалқия тас» серіктестігінің асфальт зауыты жобасы аясында өңірімізге 700 млн теңге инвестиция тартылды. Барлық инженерлік инфрақұрылым жеткізіліп, мемлекеттік қолдау ретінде 6 гектар жер телімі берілді. «Шалқия» кен орнынан

1-бет



доломит өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығы табысталған. Жоба аясында 15 жұмыс орны ашылды. Зауытта сағатына 150 мың тонна асфальт өндіріледі.

ЖОЛ БОЙЫНДАҒЫ ЖАҢА КЕШЕН

Жаңақорғандағы тағы бір жаңалық – «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» көлік дәлізінің бойында қызмет көрсету кешені

ашылды. Игілікті іс-шараға облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов, облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев, аудан тұрғындары мен зиялы қауым өкілдері қатысты.

Облыс әкімінің орынбасары атап өткендей, инвестиция тарту саласында ауқымды жұмыс атқарылуда. Биыл 720 млрд теңгеден астам инвестиция тартылады. 2025-2028 жылдары 98 инвестициялық жоба жүзеге асырылып, 12 мыңнан аса жаңа

жұмыс орны ашылады. Биыл 54 жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Қазіргі уақытта 36 жоба бойынша жұмыс басталып кетті.

«Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автомобиль дәлізінің бойында 55 сервистік кешен бар. Бұл – «Caspian Service Asia» серіктестігі салған В санатты заманауи жол бойы қызмет көрсету кешені. Жоба құны 1 млрд теңге, 22 орындық қонақүй, 110 келушіге арналған қоғамдық тамақтану орны, 50 орындық моңша, автовокзал және жанар-жағармай бекеті сынды нысандар іске қосылды. Кешенде 64 адам тұрақты жұмыспен қамтылды.

– Аймақ басшысы өткен айда ауданға іссапармен келгенде жаңа нысанды көріп, жол бойындағы қызмет көрсетудің озық тәжірибелеріне сүйеніп жұмысты жетілдіре түсу маңызды екенін атап өткен болатын.

Жаңа кешеннің жұмысы табысты, берекелі болсын! – деді А.Зебешев.

Рәсімде ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан азаматтар мен жол бойындағы қызмет көрсету кешенінің құрылысын салған мердігер мекеме өкілдері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталып, Сырдария, Жаңақорған аудандарының құрметті азаматы Сұлтанбек Тәуіпбаев бата берді.

Айта кетейік, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автомобиль дәлізінің Қызылорда облысы аумағында 58 сервистік нысан жұмыс істейді, 1 050 адам жұмыспен қамтылған. Олардың 55-і, яғни 94,8 пайызы ұлттық стандарттарға сәйкестендірілген. Бұл көрсеткішпен Қызылорда облысы республикадағы алғашқы үштікке кіреді.

«СБ» ақпарат

/// ДЕПУТАТ МІНБЕРІ

Бақдәулет МАХАШОВ, облыстық мәслихат депутаты:

ЕЛ СЕНІМІНІҢ ЖҮГІ АУЫР



Депутат – қоғамдағы өзекті мәселелерді терең түсініп, шешім табуға атсалысатын, әрбір тұрғынның тағдырына бейжай қарамайтын тұлға. Осындай абыройлы міндеттің жүгін арқалап жүрген азаматтардың бірі – облыстық мәслихат депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі, партия жанындағы экономика, кәсіпкерлік және аграрлық сектор мәселелері жөніндегі аймақтық кеңестің төрағасы Бақдәулет Махашовпен сұхбаттасқан едік.

– Бақдәулет Еркінбекұлы, мәслихат депутаты болу – жауапты әрі күрделі міндет. Халықтың мәселесін жеткізетін өкіл ретінде сіздің жұмысыңыздың маңыздылығы неде?

– Расында, өкілді органдар – халықтың мұң-мұқтажын тыңдап қана қоймай, оның шешім табуына ықпал ететін сенімді көпір. Мәслихат – сол көпірдің негізгі тұғыры. Ал халық пен билік арасындағы алтын арқау болу – бізге артылған үлкен жауапкершілік. Сол себепті тұрғындармен тұрақты кездесіп, әрбір мәселені мұқият тыңдау, мүмкіндігінше мәселенің түйінін тарқату – депутаттық міндет қана емес, меніңше, адамгершілік парыз. Маңыздылығы да осында деп білемін.

– Сіздің бірнеше шақырылымда қатарынан депутат болуыңыз – халық сеніміңіз белгісі. Осы тәжірибеңіз жұмысыңызға қандай артықшылық береді?

– Бұл – ең аялмен, өңірдің тыныс-тіршілігін, әлеуметтік мәселелерін терең түсінуге мүмкіндік берді. Халықтың сұранысы, мұқтажы, қалауы уақыт өткен сайын өзгереді. Сол өзгерісті сезіну үшін үнемі байланыста болу керек. Халық сенім білдіріп алдына келсе, оның мәселесін назардан тыс қалдыруға болмайды. Қажет жерде өзім араласып, мәселенің ортасында жүремін. Мұның барлығы жұмысымның басты қағидаларының біріне айналды.

Президент Жолдауында жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін күшейту туралы айтылды. Бұл сіздердің жұмыстарыңызға қалай әсер етуде?

– Бұл – біздің қызметімізге қойылған жоғары талап әрі зор сенім. Халықтың тұрмыс сапасын жақсарту ең бірінші кезекте жергілікті деңгейдегі тиімді жұмысқа байланысты. Сондықтан әр мәселені нақты шешімін табу үшін бізге де белсенділік, жүйелілік қажет.

Қоғамдық қабылдау туралы да айта кетсеңіз...

– Тек биылдың өзінде бірнеше жеке қабылдау өткізіп, 25 тұрғынның мәселесі қаралды. Барлығы оң шешімін тапты. Депутаттық мандат алған уақыттан бері 100-ден аса азаматтың өтінішін назарға алып, тиісті ұсыныстар енгізді. Көтерілген жүйелі мәселелер бойынша депутаттық сауалдар жолданды.

Қазіргі уақытта халық қандай мәселелермен жиі жүзгінеді?

– Кейінгі кезде тұрғындар көбіне жұмысқа орналасу және кәсіпкерлік бастамаларды дамытуға қатысты өтініштер білдіреді.

Бұл – халықтың еңбекке деген ынтықсанын артқанын көрсетеді. «Балық берме, қармақ бер» қағидасы бүгінде өз нәтижесін көрсетіп отыр. Көпшілік жәрдем күтуден гөрі, еңбектенуге ниетті.

– Аймақтық кеңестің төрағасы ретінде де бірқатар бастаманы жүзеге асырып жүргеніңіз белгілі. Соларға тоқталсаңыз...

– «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында кәсіптік білім беру ұйымдарының жағдайымен танысып, материалдық-техникалық базасының жаңаруы бақылауға алынды. «Ауыл аманаты» жобасының орындалуы да назарымызда. Ауыл халқының табысын арттыру үшін кәсіпкерлердің жеңілдетілген несиеге қол жеткізу жүйесін жетілдіруге атсалысып келеміз. Сонымен бірге еңбек нарығын дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының облыста тиімді жүзеге асырылуын бақылау, ірі инвестициялық жобалардың іске асырылуына мониторинг жүргізу – күн тәртібінен түспейтін жұмыстар.

– Депутат қана емес, кәсіпкер ретінде де өңірге үлес қосып жүргеніңізді білеміз...

– Иә, бірнеше ауданға өндірістік серпін беруге, жаңа жұмыс орындарын ашуға, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу ісін дамытуға өз үлесімді қосып келемін. Бұл да – аймақтың экономикасын нығайтуға бағытталған ортақ іс.

– Халықтың сенімін ақтау дегенді қалай түсінесіз?

– Депутаттық мандат – мәртебе емес, үлкен жауапкершілік. Көпжылдық тәжірибе, елдің мәселелерін білу және оларды шешуге деген шынайы ниет – жұмыстың нәтижелі болуына негіз. Ең бастысы – халықтың сенімін ақтау. Бұл – азамат ретінде де, халық қалаулысы ретінде де ұстанатын ең басты қағидам.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы»

СӘУЛЕТКЕ САПА САЙ БОЛУЫ ТИІС

Облыс әкімінің орынбасары Бахыт Жаханов, қала әкімі Нұржан Ахатов, жауапты сала басшылары құрылыс алаңдарындағы жұмыс барысын бақылады.

Алдымен сол жағалаудағы 9 қабатты 120 пәтерлік екі тұрғын үйдің құрылысын көрді. Жалпы ауданы 7011 шаршы метр болатын үйлерде бір бөлмелі 18, екі бөлмелі 66, үш бөлмелі 36 пәтер бар.

Келесі нысан – денешынықтыру-сауықтыру кешені. Құрылысына 2,9 млрд теңге қаралған нысан «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен салынуда. Онда бір мезетте 131 спортшы жаттыға алады. Бірінші қабатта волейбол, екінші қабатта күрес және баска да залдар орналасады.

Әрі қарай Титов шағын ауданындағы әлеуметтік осал топтағы азаматтар үшін бой көтерген бес қабатты 135 пәтерлік тұрғын үйдің құрылыс алаңына барды. Жаңа тұрғын үйде 35 бір бөлмелі, 80 екі бөлмелі, 20 үш бөлмелі пәтер бар.

Құрылыс нысандарындағы жұмыс барысын бақылау «Достық үйінің» жаңа ғимаратында жалғасты. Нысан жақын арада пайдалануға беріледі. Бейбарыс сұлтан көшесіндегі сәулетті ғимараттар қатарын толықтырған нысанның сырты күннен қорғайтын сәндік панельдермен қапталған. Екінші және үшінші қабаттарда кеңселер, сондай-ақ холл, фойе, ресепшн, гардероб, 200 орындық үлкен зал, 60 орындық кофейна орналасады. Конференц-зал заманауи техникалармен жабдықталады.



Цокольді қабатта би студиясы, музыка және вокал кабинеттері, клуб, қоймалар, архив және қосалқы бөлмелер қарастырылған. Бүгінде ішкі әрлеу және дизайнерлік безендіру, сондай-ақ сыртқы абаттандыру жүргізілуде. Жұмыстың 95%-ы біткен. Құрылыс алаңында 7 техника және 135 жұмысшы еңбек етуде.



Ал Президент саябағында бас мердігер «Bi Global» ЖШС ауқымды абаттандыру жобасын жүзеге асыруда. Саябаққа 3 аллея, 6 субұрқак, 5 амфитеатр, 7 балалар ойын алаңын, 4 спорт және 4 волейбол, 7 демалыс аймағын, 4 фудкорт, теннис үстелдерін, биіктігі 50 метр болатын айналмалы дөңгелек аттракцион, би алаңын, стритбол, вело және жүгіру жолақтарын, сахна, сарқырама каналдары мен көпірлер, шахмат, баскетбол және футбол алаңдарын, арқан саябағы мен модульдік санитарлық нысандар салу жоспарланған. Мұнда жыл он екі ай жұмыс істейтін 300 орындық заманауи балалар тынығу лагері мен Ботаникалық білім беру орталығы (қысқы бак) бой көтеріп келеді. Бас мердігер «Alem Qurylys AQ» ЖШС жобаға сәйкес спорт блогын, іс-шараларға арналған event-аймақ, тұрғын корпусстар, қонақүй үлгісіндегі шағын ғимараттар, дәстүрлі киіз үйлер, ашық бассейн, стадион, футбол алаңы және сахна салады.

ОБЛЫС МЕДИЦИНАСЫ ОҢ ДИНАМИКАҒА ИЕ



– Ата-аналардың балаларына екпе салдырмау себебін діни наным-сенімге тіреп қоядан аулақпыз. Бұған әлеуметтік желі арқылы жан-жақтан алатын ақпараттың әсері зор. Ең қиыны, екпе алған балаларға алмаған балалардың кесірі тиіп жатыр. Осы ретте ата-аналарды екпе шараларына сенім білдіріп, балалардың денсаулығына жауапкершіліктен қарауға шақырамын, – деді ол.

Бүгінгі күні аймақта 3 мыңға жуық дәрігер және 11 мыңға жуық орта буынды маман қызмет етеді. Басқарма басшысы облыс әкімдігінің қолдауы нәтижесінде кадр тапшылығы жылдан-жылға азайып келе жатқанын атап өтті.

– Мемлекет басшысының бастамасымен өткен жылы ауылдық елді мекендерге кемінде 5 жыл мерзімге жұмысқа келген 4 медицина қызметкеріне 8,5

1-бет

Назерке САҢНЯЗОВА, «Сыр бойы»

/// ГАЗЕТ ПОШТАСЫНАН

«АУЫЛ АМАНАТЫНЫҢ» ЖЕМІСІ

«Жақсының жақсылығын айт» деген. Нұршайық Қуанышбаев – Арал ауданына қарасты Құмбазар елді мекенінің өміріне серпін әкелген жас кәсіпкер. Оның негізгі мамандығы мұғалім, ауыл шаруашылығы саласында жұмыс істеп көрмесе де ізденгіштігі мен еңбекқорлығының арқасында табысты еңбек етуге болатынын дәлелдеп отыр.

Жоспары мығым жас жігіт 2023 жылы «Ауыл аманаты» бағдарламасы арқылы 2,5 пайызбен 5 жыл мерзімге 8,6 млн теңге көлемінде жеңілдетілген несие



алып, жеке кәсіпкер атанды. Бағдарлама аясында иеленген қаражатқа тіркемесімен трактор, пресс-подборщик және жатқа сатып алып, шаруашылыққа қажетті техникалық құралдарды жасақтады. Өткен жылдың көктемінде алғаш шөп шабу науқанын бастаған Нұршайық бұл кәсіпке бірінші рет кіркеніне қарамастан маусымның алғашқы жылында 10 000 дана пресс шөп дайындады. Бұл ауыл шаруашылығы саласына жаңа келген адам үшін үлкен жетістік, жақсы көрсеткіш еді.

Биыл бұл межеден асып, 12 000 дана пресс шөп басып шығарды. Бұл кәсібінің дұрыс жолға қойылғанын және ауыл азаматтары тарапынан сенім артқанының арқасында деп ойлайды жас кәсіпкер.

Нұршайық ауыл тұрғындарының бөліске түскен жерінің шөбін орып, елге қолжетімді әрі тиімді бағамен ұсынып келеді. Осы арқылы кәсіп иесі тұрғындардың шығынын азайтуға үлес қосып отыр. Сондай-ақ ол ауылдың бір тұрғынын тұрақты жұмыспен қамтып, еңбек нарығына да оң әсер етуде.

Мұғалім бола жүріп, ауыл шаруашылығынан кәсіп бастау – үлкен батылдық. Нұршайық Қуанышбаевтың бұл еңбегі – мемлекеттік қолдаудың игілігін тиімді пайдалану үлгісі әрі ауылдағы жастарға жігер беретін бастама. Алдағы уақытта кәсібін дамытып, ауылдың өркендеуіне одан әрі үлес қосады деген сенімдеміз.

Төребек ТӨРЕМҰРАТОВ.

Арал ауданы Құмбазар елді мекенінің тұрғыны

Мәдениет жаңалықтары



Терме – тәрбие бұлағы

М.Ералиева атындағы мәдениет үйінде «Терме – тәрбие бұлағы» атты «Тәлім» жыр-терме үйірмесінің концерті өтті.

Мәдениет үйінің директоры Манас Молдашев үйірме өнерпаздарының жетістіктеріне тоқталды. Концерт шымылдығын Қуаныш Алғазиев жетекшілік ететін жыр-терме үйірмесінің өнерпазы, облыстық байқаулардың жеңімпазы Мадияр Әнетов Мұзараптың «Балымша» әнімен бастады. Нұртұғанның «Кәнекей, тілім сөйлеші», Наурызбайдың «Сөз сөйлейін термеден» термелерін Нұрдәулет Алматұлы орындаса, Базар жыраудың «Бастауын» және халық әні «Акеркені» Мерейлім Болатбек нақышына келтіріп шырқап, көрермен көңілінен шықты.

Ал үйірменің ең кішкентай өнерпазы Әліби Рахымша халық әні «Еркем-айды» шырқап, көрермен қошеметіне бөленді.

Концертті өнерпаздар Бәкір Тәжібаевтың «Туған жер» әнімен қорытындылады.

Жадымда тұрар жаңғырып...

Ұстаз-әнші, Ыбырай Алтынсарин төсбелгісінің иегері Перуза Аргынбаеваны еске алуға арналған тағылымды классикалық ән көші өтті.

Өнер мен парасатты бойына сіңірген Перуза Амангелдіқызы өмірінің соңына дейін шәкірт тәрбиелеу жолында үздіксіз еңбектеніп, талай талантқа бағыт-бағдар беріп, биікке жетеледі.

Кеште облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Қуаныш Қуантқанұлы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Кеулімжай Шалтақбайұлы ардақты ұстаз туралы естеліктер айтты.

Бұл кеш өнер мен ұстазға деген құрметтің жарқын көрінісі, рухани сабақтастықтың жалғасы болды.

Жыр күмбезінің биігі

Жыраулық дәстүрдің дара өкілі, жыр дүлдүлі Сәрсенбай Бөртебайұлының 125 жылдығына арналған «Сәрсенбай сазы» атты аймақтық жыршы-жыраулар фестивалі өтті.

Шарада облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Ж.Сейілов сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Сәрсенбай жыраудың мақамы өз тұсындағы жырауларға мүлдем ұқсамайтын еді. Сыр бойындағы белгілі ақындардың өлең, жыр-термелерін, толғау-хикаяларын айта отырып, өз туындыларын да ел ішіне таратты. Ал бүгінгі ұрпақ баба жолын жалғап, жыр күмбезін биіктетіп келеді.

Тағылымды шарада Ақтөбе қаласынан Демеубай Жолымбетов, сырбойылық жыршы-жыраулар Ақмарал Ноғайбаева, Берік Саймағанбетов, Шолпан Бимбетова, Руслан Ахметов, Гүлжамал Бейісова, Көптілеу Қосбармаков, Назерке Жақсығұлова, Амантай Сәрсенбаев, Айгерім Ешбаева, Айдос Рахметов, Әділхан Қуанбаев, Марат Сүгірбай, Жәнібек Жақсан, Акерке Шоңбаева, Талант Балтабай және Сәрсенбай жыраудың ұрпақтары Майра, Жауһар Сәрсенбаевалар мен Амантай Қуатжан өнер көрсетті.

Түркістан. Мыңжылдықтар сәулесі



Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінде «Әзірет Сұлтан» ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығының «Түркістан. Мыңжылдықтар сәулесі» атты республикалық көшпелі көрмесінің ашылу рәсімі өтті.

Көрменің негізгі мақсаты – бүкіл Түркі әлеміне ортақ ұлы ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің тарихи болмысын, рухани мұрасын кенінен насихаттау, оның жолын жалғанған шәкірттері мен ізбасарларының еңбектерін көпшілікке таныстыру. Сонымен бірге «Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің қорында сақталған бірегей жәдігерлерді халық назарына ұсыну.

Іс-шара соңында «Әзірет Сұлтан» ұлттық тарихи-мәдени қорық-музейінің ұжымына облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының атынан алғыс хат пен арнайы сый-сияпат табысталды.

«СБ» ақпарат

/// БӘРЕКЕЛДІ!



ЖЕРЛЕСІМІЗДІҢ ТАРИХИ ЖЕТІСТІГІ

21-30 қараша аралығында Біріккен Араб Әмірліктерінің астанасы Абу-Даби қаласында ересектер арасында Әлем чемпионаты өтті.

Дүниежүзілік додада кикбоксингтен Қазақстан құрамасының мүшесі, қызылордалық Нұрасыл Тілектесов 51 килограмм салмақ дәрежесінде төрт кездесу өткізіп, барлығында қарсыластарын айқын басымдықпен жеңді. Сөйтіп, екі жылда бір рет ұйымдастырылатын кикбоксинг спорттың тунғыш рет екі дүркін Әлем чемпионы атанды. Бұл – Қызылорда облысының тарихында жерлесіміз жек жеткізген тунғыш тарихи жетістік.

– Жарысқа 85 елден мыңға жуық өкіл қатысты. Мен Түркіменстан, Украина, Венгрия және Әзербайжаннан келген қарсыластармен сынга түстім. Қай-қайсысы да өте мықты болды. Дегенмен, барын айқын басымдықпен жеңдім, – деді Нұрасыл Тілектесов.

21 жастағы чемпион Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде оқып жүр. Ол бұған дейін Азия және Әлем кубоктарының, Қазақстан Республикасының бірнеше дүркін чемпионы және халықаралық турнирлердің жүлдегері атанған. Талантты спортшы осылайша ел мерейін талай мәрте асқататып үлгерді.

Бұл жолғы жаһандық жарысқа онымен бірге Қызылорда облысынан тағы бір кикбоксшы Диас Қарманов қатысып, 2-орынды еншіледі.

Айта кетейік, Нұрасылдың алғашқы жаттықтырушысы Нұрбек Жармаханов болса, қазіргі жеке бапкері – Қайрат Байкуатов.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – ӘРБІР АЗАМАТТЫҢ МІНДЕТІ

Сыбайлас жемқорлық – мемлекет дамуын тейейтін, қоғамдық сенімге нұқсан келтіретін ең өзекті мәселелердің бірі. Ел көлемінде бұл құбылысқа қарсы кешенді шаралар қабылданып, ашықтық пен әділдік қағидаттары нығайтылуда.

Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттік басқару жүйесіндегі ең қауіпті әлеуметтік құбылыстардың бірі. Ол әкімшілік рәсімдердің тиімділігін төмендетіп қана қоймай, экономикалық өсімге айтарлықтай кері әсер етеді.

Мамандардың айтуынша, жемқорлық фактілері ең алдымен мемлекеттік органдарға деген сенімнің әлсіреуіне әкеледі. Заң үстемдігі сақталмаған ортада әлеуметтік теңсіздік күшейіп, бюджет қаражатының мақсатсыз жұмсалуды қауіп артады. Мұндай жағдайлар қоғамдағы әділдік принциптерін бұзып, азаматтардың белсенділігіне теріс ықпал етеді. Мәселенің туындауына әсер ететін негізгі себептердің қатарында бақылау мен есептілік деңгейінің жеткіліксіздігі, ашықтықтың төмендігі, сыбайлас тәуекелдердің алдын алу жұмыстарының әлсіздігі және құқықтық мәдениеттің жеткілікті қалыптаспауы бар. Мемлекет тарапынан бұл бағытта жүйелі шаралар

жүзеге асуда. Соның ішінде мемлекеттік қызметтердің цифрландырылуы, сатып алу процесстері ашықтығының күшеюі, профилактикалық түсіндіру жұмыстарының артуы және мемлекеттік қызметшілерге қойылатын әдеп талаптарының күшеюі – жемқорлық тәуекелдерін едәуір қысқартты.

Азаматтық қоғам институттары мен бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі де ерекше. Қоғамдық бақылаудың артуы, ашық талқылаулардың жиілеуі және азаматтардың құқықтық сауатының жақсаруы сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыруға негіз болуда.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес – ел дамуының маңызды шарты. Әрбір азаматтың адалдығы мен белсенді азаматтық ұстанымы, сондай-ақ мемлекеттік органдардың ашық әрі жауапты жұмысы – әділетті қоғам құрудың негізі болып табылады.

Аслан НҰРЛЫБЕК,
Ауыл шаруашылығы
министрлігі Агроөнеркәсіптік
кешендегі мемлекеттік
инспекция комитетінің
Қызылорда қалалық аумақтық
инспекциясының басшысы

ҚОС КЕЗДЕСУ

Бала күнімде ақын Ынтызар Әбішевті бір рет көрдім. 5-6 сыныпта оқитын кезім. Тырнақалды туындылары аудандық «Ленин туы» газетіне шығып тұратын. Кейде осы басылымның «Әдебиет бетіне» Ынтызар ағамен қатар жарияланамыз. Ақынның ерекше жырларын тұшына оқысам да, өзін сырттай ғана білетімін.

Бірде қалаға бардым. Ауылға қайту үшін автобус аялдамасына келдім. Сол жерде сұңғақ бойлы, сидан денелі, ұзын плащ киген жас жігітті көрдім. Жанында – бір топ достары. Ауруханадан шығарып алып, ауылына жүргелі тұрғандарын сөз барысынан аңдадым. Достары өбектеп, асты-үстіне түсіп жатқан жігіттің есімін естігенімде, оның Ынтызар ақын екенін бірден білдім. Сонда оған деген жора-жолдастарының аса ыстық ілтипаттарын көріп, ақынға деген шексіз құрметтеріне куә болған едім.

Біздің ауылда Айсұлу атты әппақ, сұлу қыз болатын. Мел-біке болып жұмыс жасады. Өзі менің үлкен әпкемнің құрбысы. Ағаның ең алғашқы жұқа жыр кітабын осы Айсұлудың қолынан көргенмін. Онда ару қызға деген сүйіспеншілік сезімнің ұшқыны жарқылдаған тілек сөздері жазылған еді.

Ынтызар Әбішев өте талантты ақын, ерекше қаламгер, дара тұлға болды. Оның өлеңдері шыққан газеттің қиындыларын ұқыптап сақтап қоятынмын.

Арада біраз жыл өткенде ақынның өмірден өткенін естідім. Бірақ сол жарқ етіп жоқ болған бейне көз алдымнан көшпей қойды. Оның тұрғысының, сөйлегенінің өзі ерекше болатын. Бойында бір көрген адамға ұмытылмайтай әсер қалдыратын қасиеті бар еді. Ауылда талай ақын болды, талай талант иелері жарыққа шықты. Дегенмен, Ынтызар Әбішевтің тұңжыраған күзгі бақтай, жұпар аңқыған көктемдей жыр әлеміндегі өрнек-айқымшы айрықша еді. Өмірден ерте кеткен жас дарынның тағдырына аянышпен қарадым ба екен, іштей ақынды іздеумен жүріпмін. Көз алдымда бала күнгі көрініс. Бірде-бір рет көңілден өшкен емес, көкейден кеткен емес. Бұл не құдірет?!

Хабарландыру

Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті, ҚР ЭК 73-бабының 1-тармағына және қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларына сәйкес 2025 жылдың 24 желтоқсанынан бастап 20 жұмыс күні ішінде «Қызылорда-Сексеуіл» республикалық маңызы бар автомобиль жолын реконструкциялау/салу» техникалық экономикалық негіздемесі (келесіде ТЭН) бойынша, Қазалы және Сырдария аудандарына қарасты орман қорлары жерлерін көлік жерлеріне ауыстыру бойынша жария талқылаулар арқылы қоғамдық тандаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі порталында (<https://hearings.ndbecology.gov.kz/>) танысуға болады. Барлық ескертүүлەر мен ұсыныстар аталған порталда қабылданады.

Тапсырыс беруші: Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, эл. почта - k.priemnaya@transport.gov.kz.

ТЭН әзірлеушілер: «Қазақстан жол ғылыми-зерттеу институты» АҚ, БСН 931240001398, Астана қаласы, Жекебатыр к., 35, тел.: 8(717)2729271, 8707-646-45-46.

Объявление

Комитет автомобильных дорог Министерства транспорта Республики Казахстан в соответствии с требованиями пункта 1 статьи 73 Экологического кодекса РК и проведения общественных слушаний, сообщает, что с 24 декабря 2025 года в течение 20 рабочих дней на портале Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов (<https://hearings.ndbecology.gov.kz/>) будет проводится общественные слушания в формате публичного обсуждения попереводу земель лесного фонда Казалинского и Сырдарьинского района на земли транспорта по проекту технико-экономического обоснования (далее ТЭО), «Реконструкция/строительство автомобильной дороги республиканского значения «Кызылорда-Саксаульск».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на данном портале для предоставления замечаний и предложений.

Инициатор: Комитет автомобильных дорог Министерства транспорта Республики Казахстан, город Астана, проспект Кабанбай батыра, 32/1, эл. почта - k.priemnaya@transport.gov.kz.

Разработчик ТЭО: АО «Казахстанский дорожный научно-исследовательский институт», БИН 931240001398, г. Астана, ул. Жекебатыр, 35, тел.: 8(717)2729271, 8707-646-45-46.

Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы»,
«Қызылординские
вести», «Ақмешіт
апталығы»,
«Ақмешіт жастары» және
ауданның барлық
басылымдарға
жарнама орналастырғыңыз
келсе: 70-00-52 телефоны
арқылы байланысуға
болады.



E-mail: smjarnama@mail.ru

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР БОЙЫ
МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

<https://twitter.com/syrboyi>

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына
сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен
сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсы-
рыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және
қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің
түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (*сенбілік екі нөмір*) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”.

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

Таралымы 21998

Тапсырыс №2093

Кезекші редактор Ғазиза ӘБІЛДА